DOI 10.31489/2020Ped4/189-197

ӘОЖ 811.11:378.147

Г.Б. Исабекова*, Н.Т. Дүйсенова

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
(E-mail: gulnur_taraz@mail.ru)
SCOPUS ID: 57189890671[1]
SCOPUS ID: 57209615733[2]

Австриядағы тіл мен мазмұнды кіріктіріп оқыту (CLIL) тәсілін қолдану тәжірибесі

Мақалада заманауи дәуірдің талаптары мен сұранысын қанағаттандыратын инновациялық форма ретінде пайда болған CLIL технологиясының австриялық тәжірибесіне сараптама жасалып, баяндалған. Авторлар өз ғылыми-педагогикалық тәжірибелеріне, австриялық ғалымдармен, эксперттер мен практиктермен болған тәжірибе алмасуларға сүйеніп, Австриядағы мазмұн мен тілді кіріктіріп оқыту тәжірибесіне тілдік тарихқа шолу жасай отырып, орта білім беру жүйесінде ұсынылып отырған бұл технологияның білім беру беру жүйесіне енгізілуінің алғышарттарына, мақсаты мен құрылымына сараптама жасайды. Билингвалды мектептер мен билингвалды сабақтар жекелеген мектептердің инициативасымен жүзеге асырылуы және оның басты алғы шарты CLIL-мұғалімнің пәндік және тілдік құзыреттілігі мен шетел тілінде оқу материалдарының болуына байланысты екені, мектепте қолданылатын пән мен тіл комбинациясының алуан түрлі болу себептерінің алғышарттары сарапталып, CLIL модельдерінің мектеп типтеріне, пән мен тілді кіріктіріп оқыту бағдарламасына, мұғалімдер мен оқу материалдарына, оқу тобы мен мектептің жағдайына қарай бейімделуі зерделенді. Кросс-куррикулум тәсілімен оқытуды жүзеге асыратын мұғалімдерге педагогикалық ЖОО CLIL бойынша үздіксіз білім беру концепциясы ұсынылатындығы баяндалды. Мини-сабақтан бастап тұтас бір оқу жылына созылатын оқу курстарына дейінгі алуан түрлі шетел тілін классикалық оқыту мен шетел тілін оқыту тілі ретінде үйрету формаларын мектептегі тілдік даярлықта дұрыс қолдану арқылы лингвистикалық диверсификация қамтамасыз етілетіні артықшылық ретінде бағаланады.

Кілт сөздер: көптілділік, инновациялық тәсіл, кросс-куррикулум, CLIL, пән мен тілді кіріктіріп оқыту, билингвалды білім беру, оқыту технологиясы, үздіксіз білім беру.

Кіріспе

Бүгінде CLIL-ге деген қызығушылықтың артуы білім беру саласындағы озық тәжірибені зерттеумен түсіндіруге болады. Жаһандану мен экономиканың қарқынды дамуы, әлеуметтік конвергенция кімнің қандай тілді қай кезде және қандай жолмен оқуына маңызды әсерін тигізді. Тілді оқуға түрткі болатын қозғаушы күштер әр ел мен аймақта әр түрлі, алайда бәрінің көздеген мақсаты бір, ол — қысқа мерзім ішінде жақсы көрсеткішке қол жеткізу. CLIL заманауи дәуірдің талаптары мен күткеніне жауап ретінде дамытылған инновациялық форма. CLIL қарқынды дамып келе жатқан жаһанданумен байланысты талаптарға жауап беретін қолайлы жауап қана емес, қайта, әлдеқайда ауқымды әлеуметтік перспективалармен үндесетін, дер кезінде табылған шешім және өзінің тиімділігін дәлелдеді де, деп санайды ғалымдар.

Қазақстан Республикасында жалпы орта білім беру жүйесіне үштілді оқытуды енгізу жаңадан қолға алынып жатқандықтан бұл саладағы өзге дамыған елдердің тәжірибесімен танысу маңызды. Әрине, бұл шетелдік тәжірибе қазақстандық білім беру жүйесіне тікелей көшіріліп қояды деген сөз емес, өйткені әр елдің білім беру жүйесі, оқушылары, сабақ құрылымы мен формасы өзгеше, онда билингвалды оқытуда ұсынылатын шетел тілдері де басқа. Тіпті олардың шетел тілі мен оны сөйлеушілерге деген көзқарасы мен мотивациялары да өзгеше. Билингвалды оқытуға оқушыларды қатыстыру үрдісінің өзі әр елде әр түрлі ұйымдастырылады. Еуропаның көптеген елдерінде оқушылар ата–аналарының өтініші бойынша, мектеп кеңесінің шешімімен, әдетте ешқандай іріктеусіз жүзеге асырылса, Қазақстанда үштілді оқыту барлық орта-жоғары буын сынып оқушылары үшін міндетті. Оқушыларда таңдау, ал мектепте іріктеу мүмкіндігі қарастырылмайды. Демек, бұл саладағы өзге елдердің тәжірибесін сараптап таразылаудың бізге үштілді білім беру процесін ұйымдастыруда көмегі тиері анық.

Корреспондент автор. E-mail: gulnur_taraz@mail.ru

Әдебиеттерге шолу

ҚР БҒМ «Қазақстан Республикасында үштілді білім беру саясатын жүзеге асыру аясында орта білім беретін мектептерде пән мен тілді кіріктіре оқыту технологиясын (CLIL) енгізу» жобасы» гранттық ғылыми-зерттеу тақырыбы аясында жоспарланған Австриядағы CLIL — тағылымдама барысында зерттеу тобы Вена университетінде (University Vienna), Вена педагогикалық университетінде (PH Wien), Жоғарғы Австрия педагогикалық университетінде (PH Oberösterreich), HTL Spengergasse жоғары мектептерінде болып, CLIL практикасымен танысты. Вена университетінде CLIL айналысып жүрген зерттеуші-ғалым Кристиане Дальтон-Пуффермен әлемде CLIL-дің зерттелу жағдайына байланысты (Emperical research in CLIL), Татьяна Баковскимен CLIL енгізілуін басқару (Managing the introducing of CLIL) саласындағы зерттеулері жайлы, Филип Боллдың (Испания/Ұлыбритания) CALP, Translanguaging байланысты практикалық семинарларына қатысып, пікір алмастық. Сондай-ақ Линц қаласында өткен ғалым-зерттеушілер мен практиктердің тәжірибе бөлісу алаңына айналған CCLA-2020 «CLIL in European classroom» халықаралық конференциясына қатыстық. Тағлымдама барысында жинақталған материалдар ұсынылып отырған мақалаға арқау болды.

CLIL — оқытуда екі бағытты қамтитын тәсіл, яғни шетел тілін пән мазмұны мен шетел тілін оқу мен оқытуда бірдей қолдану [1]. «CLIL refers to the teaching of a current subject other than foreign languages in more than one language» деп анықтама береді EURYDICE [2]. Бұл тәсіл шетел тілін немесе пән мазмұнын оқудың жаңа формасы емес, ол бұған дейін қолданылып келген көптеген әдістердің басын құрайтын инновациялық технология. Д.Койлдың айтуынша, CLIL — билингвизм идеяларының әсерінің, шетел тілін екінші шет тілі ретінде меңгеру идеяларының, когнитивті оқыту теориясы мен конструктивизм нәтижесі [1].

CLIL мазмұнды өзге тілде оқытуды мақсат ететін кіріктірілген тәсіл, тіл мен мазмұнды қатар меңгеруді мақсат ететін жаңа педагогикалық тәсіл ретінде танылып отыр [1]. Д.Койл мен Д.Марштың еңбектерінде бұл тәсілге келесідей анықтамалар беріледі: CLIL педагогикалық парадигма, ол пән (мысалы, химия) мазмұнымен қатар тілді бірдей үйрену дегенді білдіреді және екінші тілді меңгеруді жақсарту және екінші тілдің көмегімен тілдік емес салада, яғни тілдік емес пән бойынша, білім мен дағдыны дамытуды мақсат етіп, оқушыларға тілді дамытуға табиғи жағдай жасай алады және бұл оқушыларды тіл үйренуге ынталандырады [3; 1].

Еуропада мазмұн мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL) педагогикалық тәсілінің екі мақсаты бар. Біріншіден, оқушылардың оқу пәні бойынша білім алуын қамтамасыз ету; ал екіншіден, шетел тіліндегі құзыреттіліктерін арттыру. Бұл жалпылама мақсаттармен қатар Еуропа елдері келесідей жайттарға баса назар аударады: оқушыларды интернационализацияланған қоғамда өмір сүруге дайындау және оларға еңбек нарығында ең жақсы перспективалар ұсыну (әлеуметтік-экономикалық міндеттер); оқушылардың бойына шетел тілі арқылы өзге мәдениеттерге деген құрмет пен толеранттылық құндылықтарын сіңіру (әлеуметтік-мәдени міндеттер).

Оқушылардың келесі аспектілерді дамытуына мүмкіндік беру:

— шынайы практикалық мақсаттарды алға қоя отырып оқушыларды тіл үйренуге ынталандыру арқылы тиімді коммуникацияға екпін жасайтын тілдік дағдыларды дамыту (лингвистикалық міндеттер);

— пәнді білу және оқуға қабілеттілік, әр түрлі инновациялық тәсілдер арқылы пәннің мәнін ұғынуға ынталандыру (оқу міндеттері).

Австриядағы CLIL дамуы жайлы Г.Ажубаның «Windows on CLIL in Austria» мақаласында елдегі лингвистикалық жағдайдан бастап оның мақсаты мен құрылымы, CLIL мұғалімдер дайындау, бұл инновациялық тәсілдің әдіснамасы мен оны жүзеге асыруға қажетті материалдар жайын қарастырған. К.Дальтон-Пуффер «CLIL classrooms as language learning environments: analysing classroom discourse» тақырыбында докторлық диссертация қорғап, бірқатар ғылыми мақалалар жариялады. C. Mewald пән мазмұнына негізделе отырып шетел тілін оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері жайлы, австриялық техникалық колледждердегі HTL CLIL практикасы (U.Smith, T.Finker; К.Петер), қостілді мектептер жайлы эмпирикалық зерттеулер (И.Вальнер), орта мектептің төменгі буынындағы билингвалды сабақ дидактикасы (М.Вагнер-Хазелбауэр) жайлы ауқымды зерттеу жұмыстары жасалған.

Негізгі бөлім

Әдіснамасы

50-ден астам тілде сөйлейтін Австриядағы көптілділік және билингвалды білім беру жайлы айтқанда, бұл елдің халқының этникалық құрамына тоқталмауға болмас. Мұнда мекендейтін ұлттардың тілдері де әр түрлі статусқа ие: мемлекеттік тіл, әкімшілік тіл, ресми тіл статусын ие тіл, аймақтық тіл, аз ұлт өкілдерінің тілдері және олардың өз статусына сәйкес өзара қолдану комбинациясы да алуан түрлі (Кесте 1).

Кесте 1

Мекеме және қамтамасыз етілу статусы	Тіл статусы	Тілдер	ISCED деңгейі
Мектептің қамтамасыз етілуі	1 мемлекеттік тіл + 1 жергілікті емес тіл	Неміс+ағылшын; неміс+француз; неміс+итальян	1–3
	1 мемлекеттік тіл + 1 ресми тіл статусына ие 1 аз ұлт/ аймақтық тіл	неміс+словен; неміс+хорват; неміс+венгр; неміс+чех; неміс+словак	
	1 мемлекеттік тіл +1 ресми тіл сатусына ие аз ұлт өкілдерінің тілі + 1 жергілікті емес тіл	неміс+словен+ағылшын; неміс+словен+итальян	1
	1 мемлекеттік тіл + 1 аз ұлт өкілдерінің тілі ретінде мойындалған аймақтық емес тіл	неміс+сыған	1

[Content and Language Integrated Learning (CLIL) at school in Europe. Austria National Description].

Австрия Республикасының мемлекеттік тілі — неміс тілі [4] және ол §16, Abs. 1 SchUG35 сәйкес Австрияда оқыту тілі болып табылады. «Unterrichtssprache ist die deutsche Sprache, soweit nicht für Schulen, die im Besonderen für sprachliche Minderheiten bestimmt sind, durch Gesetz oder durch zwischen staatlicheVereinbarungen an der es vorgesehen ist» §16(3) SchUGUnterrichtssprache, яғни мектептегі оқыту тілі туралы тармағына сәйкес басқа шетел тілін оқыту тілі ретінде қолдануға да заңды негізде рұқсат етілген [5]. Неміс тілінің оқыту тілі ретіндегі статусына қоса оқу жоспарында Неміс тілі «міндетті пән» ретінде барлық мектептерде оқытылуы көрсетілген. Сонымен қатар ең көп таралған шетел тілі — ағылшын тілі, екінші орында — француз тілі.

Автохтонды топтардың тілі ретінде венгр, словен, хорват тілдері әкімшілік тіл статусына ие болса, ал чех, словак және сыған тілдері аз ұлт өкілдерінің тілі ретінде қорғалады [6]. Және осы тілдер CLIL технологиясын жүзеге асыруда тілдер комбинациясын құрауда есепке алынады.

Австрияда қостілді білім берудің әр түрлі модельдері жасалған: неміс және ағылшын тілдеріне негізделген элитарлы бағдарламалардан бастап, автохтонды аз ұлт өкілдерінің, мигранттардың тілдерін қамтитын бағдарламалар да бар. Соңғы екі жайтты ескере отырып, қостілді білім берудің мақсаты қоғамда қостілділікті сақтап қалу ма, әлде қостілділік аясын арттыру ма деген сұрақ туындайды. Дегенмен, қостілді білім беруге деген қызығушылық артып келеді, бұл сірә, Австрияда аз ұлт өкілдірінің құқығын қорғау ниетінен туған болса керек.

Балаларға шетел тілін үйрету балабақшадан бастап қолға алынған: кішкентай кезінен тіл үйрету бала бақша тәрбиешілерінің міндетіне жатады және мектепке дайындық болып табылады. Жекелеген федералдық облыстарда көптілділікті қолдауға айрықша назар аударылуда. Атап айтқанда, Тиролда балалардың ана тілін дамыту және неміс тілін үйренуіне қолдау көрсету мақсатында ана тілді тәрбиешілермен қатар неміс тілді педагогтар бірлесіп жұмыс атқарып келеді. 2005/06 оқу жылынан бастап оқушыны бастауыш мектепке қабылдау алдында оның неміс тілін меңгеру деңгейі анықталады. Егер неміс тілін әлі де болса үйрену қажет болған жағдайда, ата-аналарға қосымша сабақ алуға кеңес беріледі және ол сабақтар мемлекет тарапынан қаржыландырылады.

Нәтижелері

Бүгінде австриялық бастауыш мектептің оқу бағдарламасында шетел тілін кіріктіріп оқыту бірінші сыныптан басталып отыр. Бастауыш мектептің алғашқы екі жылында шетел тілі (бұл әдетте, ағылшын тілі, ал кейбір мектептерде француз тілі немесе көршілес елдердің тілдері) кросскуррикулумдық тәсілмен, яғни, міндетті математика, жаратылыстану, өнер, музыка және дене

шынықтыру пәндеріне кіріктіріліп оқытылады. Австрияда ағылшын тілін бастауыш сыныпта оқытуда қолданылатын кіріктірілген тәсіл — mini-CLIL, ағылшын тілін күнделікті оқушылармен қарым-қатынаста және оқушылардың өзара қарым-қатынасында кешенді қолдану басты назарда болады. Кіріктірілген тәсілді қолданатын мектептердің бәрінде 1–2-сыныптарда ағылшын тілі аптасына бір рет mini-CLIL арқылы оқытылса, бастауыш сыныптың келесі екі жылында бұл концепция ары қарай жалғасады және қосымша күнделікті қарым-қатынасқа да назар аударылады.

CLIL орта мектептің орта буыны мен жоғары сыныптарында және әсіресе, кәсіби білім беру саласында аса маңызды рөл ойнайды. Австрия Болон декларациясын, ондағы университет студенттерінің академиялық ұтқырлығын, оқудың үшінші сатысын шетел тілінде жалғастырылуын қолдайды.

Бүгінде CLIL әр түрлі ұйымдастырушылық формаларға ие. Австриялық CLIL қызметін жүзеге асырудың құқықтық негізі мектепте білім беруді ұйымдастыру туралы Заң § 16/3 (Schulunterrichtsgesetz) болып табылады [5]. «… Furthermore, the Provincial Educational Board, following an application from the head of a school (…), approves the use of a modern language as the language of instruction (working language)of this (…) seems to serve the purpose of improving education in foreign languages and does not prejudice the general accessibility of the individual formats and subject directions of different types of schools. This approval may also be granted to individual classes or individual subjects taught. (…)» [7]. Бастапқыда бұл Заң аз ұлт өкілдерінің тілінде оқытуды қамтамасыз ету үшін қабылданған болатын, алайда ол CLIL-дің кез келген формасы үшін негіз болып табылады. CLIL-ді оқуға ниет білдірген оқушыларға ешқандай талап қойылмайды [8]. Бастауыш мектепке қабылданған әрбір оқушы осы бағдарламаға қосылады.

Австрияның Білім туралы Заңына енгізілген өзгеріс мектеп бағдарламасындағы CLIL позициясын бекітіп берді, осылайша жекелеген мектептерге CLIL бағдарламасын енгізуде автономия берілді. CLIL курсын құрылымдауға келгенде оқу бағдарламаларын әр мектеп өз ыңғайына қарай бейімдеуге құқылы: жалғыз шарты — егер CLIL енгізілетін болса, демек тіл мен апталық сағат саны анықталып алынуы тиіс (BMBWF 2018: Lehrpläne — allgemeinbildende höhere Schulen) [9]. Бұл тәсіл мектептердің қажеттігіне, оқушылар мен мұғалімдерге сәйкес келетін жеке CLIL бағдарламаларды жүзеге асыруға, сондай-ақ бағдарламаны қолда бар ресурстар мен оқытудың жеке мақсаттарына қарай құрылымдауға мүмкіндік береді. Сондықтан да CLIL жобалар интенсивтілігі мен ауқымы, созылатын уақытына қарай әр түрлі болып келуі және hard CLIL бағдарламалары мен кездейсоқ CLIL бағдарламалары арасында әрқилы формаларға ие болуы мүмкін. Жергілікті мектеп жағдайына сәйкес келетін оқу бағдарламаларын құрастырудағы еркіндіктің болуын мектептерге берілген артықшылық деп қарастыруға болар еді, дегенмен, басшылыққа алатын нақты қағидалардың болмауынан, директивті органдар тарапынан басшылықтың әлсіздігінен CLIL бағдарламаларының басым көпшілігі «өте төмен деңгейде» бастау алды деп топшылайды Дальтон-Пуффер.

Австрияда CLIL «Englisch als Arbeitssprache» (EAA) деген термин арқылы танымал. «EAA means using English or the foreign language in teaching situations ranging from short project to bilingual education throughout the whole school year» [10]. Мұнда тіл пән мазмұнын оқытуда қолданылуы мүмкін құрал ретінде қарастырылады, яғни мазмұнды оқыту мен тіл үйрену қатар жүреді. «Мазмұнды оқыту» және «тіл үйрену» деген терминдердің қолданылуы — сабақтың осы бағытта ұйымдастырылуы пәнді саналы түрде оқытуға ықпал етіп, оқушыларды мазмұн мен шетел тілін бірдей саналы түрде оқуға жетелеуі тиіс дегенді білдіреді [10]. «Englisch als Arbeitssprache» (EAA) тілдік және оқыту мақсаттарына пәндік саланы қоса отырып, лингвистикалық қабілеттерді де арттыру; пән саласында шетел тілін қолданудың пайдасы туралы түсінікті кеңейту арқылы ынтаны арттыру; болашаққа, кәсіби мансап пен әлеуметтік өзгерістерге дайындау; оқушының шетел тілі бойынша білімін жақсарту және коммуникациялық құзыреттілігін арттыру, сонымен қатар шетел тілінде жұмыс істеу барысында кездесетін әр түрлі қиындықтарды жеңуге қажетті дағдыларды қалыптастыру жатады.

Австрияда CLIL концепциясы орта білім беретін техникалық мектептердің оқу жоспарынан берік орын алғанын айрықша атап кеткіміз келеді. «2011 жылы қабылданған техникалық кәсіптік мектептердің жаңа оқу жоспарларында CLIL оқу мен оқытудың міндетті элементі болып табылады. Осылайша Австрия еуропалық CLIL қауымдастығы арасында жеке дара ерекшеленген позицияны иемденіп тұр, себебі Еуропаның көптеген елдерінде бұл тәсіл оқушылар өз еркімен таңдай алатын билингвалды оқытудың бөлігі ретінде қолданылып отыр». «Mit dem Inkrafttreten der neuesten Generation von HTL-Lehrplänen im Jahr 2011 wurde CLIL als ein verpflichtendes Element des Lehrens und Lernens an technischen Schulen verankert. Österreichbefindetsichdamit in einervorersteinzigartigen Position

innerhalb der europäischen CLIL Community, da in vielen anderen europäischen Staaten CLIL meist ausschließlich als Teil bilingualer Lehrgänge, die von Schüler/innen auf freiwilliger Basis gewählt werden können, zum Einsatz kommt» [11]. CLIL-дің HTL үшін артықшылығы: мамандыққа дайындауда: HTL бітірушілері өз мамандықтарында ағылшын тілін жиі қолданады. Шетел тілін үйренуде: шетел тілінде ауызекі коммуникация іскерлігінің жақсаруы, сөйлеу кедергілерін жеңу. Мектеп саясатында: оқушылар үшін тартымдылықтың артуы, оқушылардың ұтқырлығы. Мұғалімдерге қойылатын жаңа талаптың күшеюі: мұғалімдердің ішкі ынтасы мен қызығушылығының артуында.

HTL мектептерде CLIL бағдарламаларын ендіру тәжірибесін сараптай келе келесідей Good CLIL Practice мысалдарын ұсынуға болады:

— CLIL бағдарламасын оқу процесіне енгізуден алдында Teambilding, яғни пән мұғалімі мен тіл мұғалімінің тандемі құрылуы тиіс.

— Жергілікті педагогикалық ЖОО (PH) пән мұғалімдеріне арнап ағылшын тілі курстарын ұйымдастырады және Cambridge 1st Certificate алу мүмкіндігі қарастырылады; жергілікті ағылшын тілі мұғалімдері пән мұғалімдеріне арнап тілдік біліктілікті арттыру курстарын ұсынады.

— CLIL-ді саралап қолдану: яғни неміс тілінде оқытқан дұрыс деп табылатын тақырыптар мен салаларды анықтау (мысалы, өлшем мен нормалар ағылшын және неміс тілдерінде бір-бірінен қатты ерекшеленеді).

— Кім-нені-қашан-қаншалықты ауқымда CLIL бағдарламасы аясында оқытылуы керек екені алдын ала келісіледі.

— CLIL сыныпта оқушы саны 20-дан аспайды; оқушыларға күнделікті ағылшын тілінде «бірнәрсе» ұсынылып тұрады.

— Team Teaching: жыл сайын тандемде жұмыс жасайтын пән мен тіл мұғалімі және олардың міндеттері анықталады.

— Сабақта тақырып бойынша кездесетін глоссарий алдын ала дайындалады; ағылшын тілі сабағында пән сабағы үшін маңызды болып табылатын, мысалы, лабораториялық жұмыс есебі, презентация, т.б. мәтін сорттары қарастырылады; сабақта қос тілді сөздік, онлайн сөздік қолжетімді; мұғалімдер екі тілді араластыруға рұқсат береді, тек шетел тілін белсенді қолдану басымдылыққа ие.

Бүгінде CLIL австриялық мектептің құрамдас бір бөлігіне айналды, оқу материалдары және мұғалім даярлау концепциясымен қамтамасыз етілген, үздіксіз білім беру семинарлары жұмыс істейді [12]. Кіріктірілген сабақтардың 90 % ағылшын тілінде жүргізіледі, алайда оқыту француз тілінде немесе Австриямен шекаралас көршілес елдердің тілдерінде жүргізілетін мектептер де бар. Сұраныс төмен тілдер де кездеседі, оның себебі — олардағы қажетті оқу материалдарының тапшылығы. Сонымен қатар шетел тілін классикалық оқыту мен шетел тілін оқыту тілі ретінде үйрету формаларын мектептегі тілдік даярлықта дұрыс қолдану арқылы лингвистикалық диверсификация қамтамасыз етіледі. Осылайша «дәстүрлі» шетел тілі ретінде оқылатын кез келген тілді оқыту тілі ретінде қолдана отырып үйренуге болады. Австрияда CLIL-дің өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда шетел тілі ретінде кей жағдайда неміс тілінің де қолданылуы мүмкін. Бұл елдегі көптілділік пен автохтонды тілдердің әкімшілік статусына байланысты. Еуроодақта бүгінде CLILiG (Content and Language Learning in German) жобасы, оны мигранттарға неміс тілін үйретуде қалай қолдану мәселесі зерттелуде.

Негізгі оқыту тілінен (неміс) басқа тілдерде оқытылатын пәндер туралы ешқандай ұлттық статистикалық мәлімет таба алмадық. Алайда, австриялық тәжірибені сараптай келе, география, тарих және биология ең кең тараған CLIL-пән деп топшыладық. Мұнда пән таңдау едәуір дәрежеде білікті мұғалімдер мен оқу материалына байланысты. Соңғы жылдары Төменгі Австрияның білім беру кеңесі академиялық орта мектептерде мұғалімдерді математика, физика және химия сабақтарында CLIL тәсілін қолдануға ынталандыру керек деген ұсыныс жасаған болатын. Мұғалімдерге дидактикалық және тілдік дайындықтан өту үшін өндірістен қол үзбей кәсіби біліктілікті арттыру жолдары ұсынылды.

Австрияда бастауыш мектеп пен орталау мектепте мұғалім болу үшін педагогикалық жоғарғы оқу орнын тәмамдау керек. Ал академиялық орта мектеп (Allgemeinbildende Höhere Schule) мұғалімінің өз пәні бойынша австриялық университеттің магистрі деген дәрежесі болуы керек. Австрияда орта мектеп мұғалімдерінің басым бөлігі екі пән бойынша маманданады. CLIL сабақта тіл мұғалімдері көбінесе екінші пәндерін шетел тілінде береді. Мұғалім өз пәнін неміс тілінен басқа тілде оқыту мәселесін мектеп басшылығы келесідей жайттарды есепке ала отырып шешеді: мұғалім CLIL қолданылатын тілдің мұғалімі ме? CLIL сабақ жүргізілетін тілде сөйлейтін елде болған ба, дәлірек

айтсақ, сонда оқып немесе жұмыс істеген ба? CLIL сабақ жүргізуге қажетті лингвистикалық және әдіснамалық дайындықтан өткен бе? Мұғалім CLIL тілінің сөйлеушісі ме? CLIL тілін меңгеру дәрежесін растайтын тілдік емтихан тапсырған ба? Келесі шешім – Team-teaching, яғни пән мұғалімі мен тіл мұғалімінің тандемі, мұнда әдетте тіл мұғалімі ана тілді (native speaker) болып келеді.

Бүгінде австриялық педагогикалық ЖОО басым бөлігі әдістемелік курста CLIL бағдарламасын қоса ұсынады. Оған бөлінетін сағат саны бірнеше сағаттан бір немесе екі семестрге дейін болуы мүмкін. Және курстың соңынан студенттерге сертификат беріледі. Австриялық университеттер әлі де болса кіріктірілген оқыту бойынша мұғалімдерге арналған интенсивті оқыту курстарын ұсына қоймаған, бұл тақырып әдіснамалық курсқа кіріктірілген.

Шетел тілін 1–сыныптан бастап кросс-куррикулум тәсілімен оқыту оқу бағдарламасына енгізілгеннен кейін мұғалімдерді алдын ала және жұмыс барысында үздіксіз білім алу бағдарламасы аясында дайындау жүзеге асырылып келеді. Кейбір педагогикалық ЖОО CLIL бойынша екі-төрт семестрге созылатын үздіксіз білім беру семинарларын (Akademielehrgänge*)* ұсынады. Ұлттық деңгейде координация жоқ. Ауқымды семинарлар үшін оқу бағдарламаларын педагогикалық ЖОО өздері әзірлейді. Мысалы, Грац-Эггенберг педагогика Орталығы ағылшын тілін жетік меңгерген барлық пән мұғалімдеріне арналған үш айлық дайындық курсында CLIL әдіснамалық негіздері, практикалық зерттеулер (action research) сараптамаларын және құқықтық аспектілерді ұсынды. Осы жылы Клагенфурт университеті Австрия тілдік құзыреттіліктер орталығымен (Österreichisches Sprachen-Kompetenz-Zentrum/ ÖSZ) ынтымақтастықта төрт семестрлік курс ұйымдастырды. Мақсатты нысаны — педагогикалық тәжірибесі үш жылдан кем орта мектеп мұғалімдерін оқыту. Бұған қосымша тағы да *Professionalität im Lehrberuf* (ProFiL) төрт семестрлік университеттік оқу бағдарламасына қатысқан мұғалімдер педагогика магистрі дәрежесін алуына болады. [13]. Вена қалалық білім беру кеңесі Вена педагогикалық ЖОО бірлесе отырып үздіксіз оқыту семинарлары аясында екінші пәндерін ағылшын тілінде оқытқысы келетін орталау мектеп мұғалімдеріне арнап екі семестрлік Dual Language Programme (DLP) ұсынады.

Мұғалім даярлау курсының алғашқы сатысында, кіріктірілген оқыту әдістемесімен қатар шетел тілінде ауызекі сөйлеу іскерліктерін дамытуға екпін жасалып, аптасына 8 сағат шетел тілін оқытуды қарастырады.

Осы орайда гранттық ғылыми-зерттеу жобасы аясында мектеп мұғалімдеріне арналған және үштілді оқыту жүйесіне ауысуға пән мұғалімдерін жаңа инновациялық тәсілге дайындауды мақсат еткен «Орта мектептегі CLIL технологиясы» атты кешенді кәсіби біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы құрастырылып, Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінде қолданысқа енгізілді. Бағдарлама тек пән мұғалімдері ғана емес, шетел тілі пәнінің мұғалімдеріне арналған контентті және CLIL сабақта АКТ қолданылуы сынды салаларды қамтыды [14].

Сонымен, CLIL қызметін жүзеге асырудың құқықтық негізі мектепте білім беру туралы Заңмен § 16/3 (Schulunterrichtsgesetz) реттелген. Мұның бәрі ерікті түрде жүзеге асырылады, өйткені Австрияда шетел тілін оқыту тілі ретінде қолдануға байланысты ешқандай заңды міндеттеу жоқ. Билингвалды мектептер мен билингвалды сабақтар жекелеген мектептердің инициативасымен жүзеге асырылады, мұның басты алғы шарты CLIL-мұғалімнің пәндік және тілдік құзыреттілігі және оқу материалының болуы. Сонымен қатар ынталы мұғалімдерге дидактикалық және тілдік дайындықтан өту үшін өндірістен қол үзбей кәсіби біліктілікті арттыру жолдары қарастырылған. Атап айтқанда, кросс-куррикулум тәсілімен оқытуды жүзеге асыратын мұғалімдерге педагогикалық ЖОО CLIL бойынша екі-төрт семестрге созылатын үздіксіз білім беру семинарларынұсынады. Ал ауқымды семинарлар үшін оқу бағдарламаларын педагогикалық ЖОО өздері әзірлейді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Австрия мектептерінде CLIL бағдарламасын қалай құрылымдау керек, қалай жүзеге асыру қажеттігін реттейтін ресми басшылық қағидалар жоқ деуге болады, сол себепті бағдарламаның инициаторлары CLIL әдіснамасын және онымен байланысты әкімшілік мәселелерді терең түсінуі қажет.

Австриялық педагогикалық білім беру жүйесі әзірлеген мектеп мұғалімдері қос мамандық меңгеріп шығатын болғандықтан, егер CLIL-сабақ тілі ағылшын тілі болатын болса, қосымша әдіснамалық білім алу мүмкіндігін пайдалана отырып мұғалімдер бұл әдісті жүзеге асыра алатынына күмән жоқ. Тек мектеп әкімшілігінің қолдауы болса болғаны, өйткені Австрияда оқытудың инновациялық әдістерін, инновацияялық жобаларды ендіру мәселесінде мектеп директоры мен

мектеп әкімшілігі үлкен автономияға ие. Австриялық ғалымдардың айтуынша, CLIL-курстардың оқу материалдарымен қамтамасыз етілуі әлі де болса назардан тыс қалып отырған мәселе және CLIL-мұғалімдерін дайындау, олардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселесі әлі де болса жіті көңіл бөлуді қажет етеді. Осы орайда Қазақстанның Білім және ғылым министрлігі тарапынан үштілді білім беру жүйесіне көшу бағытында ұйымдастырылып жүйелі түрде жүзеге асырылған жұмыс, атап айтқанда процесс іске қосылғанға дейін үш тілде оқытылатын пәндер бойынша оқулықтардың әзірленуі, пән мұғалімдерінің тілдік (ағылшын тілі) және CLIL бойынша әдіснамалық даярлықтан өтуі, шетел тілі пән мұғалімдерінің CLIL әдіснамасы бойынша біліктілігін арттыру курстарының ұйымдастырылуы, шетелдік әріптестердің назарын аударып және жоғары бағаланып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1 Coyle, D., Hood, P., & Marsh, D. *CLIL: Cotnent and language integrated learning.* Cambridge: Cambridge University Press. 2010.

2 EURYDICE 2006: *Content and Language Integrated Learning at Schools in Europe.* Directorate-General for Education and Culture: Brüssel.

3 Marsh D., et al.,: European Framework for CLIL Teacher Education. A framework for the professional development of CLIL teachers. European Centre for Modern Languages: Graz. 2010.

4 B-VG §8, Abs. 1, BGBl. Nr. 1/1930. BGBl соңғы өзгеріс енгізілді. I № 81 -2005. 01.09.2005 күшіне енді.

5 Bundesgesetz über die Ordnung von Unterricht und Erziehung in den im Schulorganisationsgesetz geregelten Schulen (Schulunterrichtsgesetz — SchUG)StF: BGBl. № 472. -1986 (WV).Gesetzestext.

6 Minderheitensprachen in Österreich. — [Электронды ресурс]. — Қолжетімді: https://de.wikipedia.org/wiki/Minderheitensprachen_in_Österreich.

7 Education Act, Federal Gazette no. 767/1996, 18.

8 Englisch als Arbeitssprache: Modelle, Erfahrungen und Lehrerbildung / ред. G. Abuja — Graz: Zentrum für Schulentwicklung. [berichtereihe III, 4], 1998.

9 Bundesministerium für Bildung, Wissenschaft und Forschung. «Gesamte Rechtsvorschrift für Lehrpläne — allgemeinbildende höhere Schulen, Fassung vom 01.09.2018». Retrieved from https://www.ris.bka.gv.at/GeltendeFassung.wxe?Abfrage=Bundesnormen&Gesetzesnummer=10008568&FassungVom=2018–09–01.

10 Mewald C. Paradise lost and found: A case study of content based foreign language education in Lower Austria: Ph.D.Thesis / ClaudiaMewald. —- Norwich: University of East Anglia, 2004.

11 Gierlinger E. Innovative Impulse ausdemEuropäischenFremdsprachenzentrum des Europarates: Die *CLIL*-Matrix in der Unterrichtspraxis /C. Carré-Karlinger, E.Fuchs, C. Lechner // Praxisreihe 13. EINE INITIATIVE DES Bundesministeriums für Unterricht, Kunst und Kultur. Österreichisches Sprachen-Kompetenz-Zentrum. — 2010.

12 Sprach- und Sprachunterrichtspolitik in Österreich. Länderprofil / ÖSZ, BMUKK, und BMWF (Eds.). — Graz/Wien: ÖSZ, 2009. — 138 S.

13 Professionalität im Lehrberuf — Profil (MA). - [Электронды ресурс]. — Қолжетімді: https://www.aau.at/universitaetslehrgaenge/professionalitaet-im-lehrberuf/

14 Kozhamzharova D.P. The main results of research on the CLIL project in Taraz State Pedagogical University / D.P. Kozhamzharova, G.B. Issabekova, N.T. Duisenova, A.Akhmetova, G.Eskermesova // J Adv Pharm Edu Res. — 2019. — T. 9, № 1 — P.38–43.

Г.Б. Исабекова, Н.Т. Дуйсенова

Опыт применения предметно-языкового интегрированного подхода (CLIL) в Австрии

В статье рассмотрена и проанализирована австрийская практика CLIL технологии как инновационная форма, удовлетворяющая требованиям и вызовам современного времени. Опираясь на свой научно-практический опыт и обмен опытом с австрийскими учеными, экспертами и практиками, авторами сделан историко-языковой обзор внедрения предметно-интегрированного обучения в школьную практику Австрии, проанализированы предпосылки внедрения CLIL в образовательную систему, цели и структуру CLIL. Билингвальные школы и билингвальные уроки осуществляются по инициативе отдельных школ и главной предпосылкой является предметно-языковая компетенция CLIL учителей и наличии учебных материалов по предмету на иностранном языке, изучены причины разнообразия предметно-языковой комбинации в школе, адаптации CLIL моделей типу школ, программе предметно-языкового обучения, учебной группе и ситуации в школе. Авторами изложена концепция

непрерывного образования педагогических вузов по программе CLIL для учителей, участвующих в реализации кросс-куррикулярного подхода. Обеспечение языковой лингвистическая диверсификации через форму правильного применения иностранного языка в качестве объекта классического языкового образования и в качестве языка обучения изучено как преимущество.

Ключевые слова: полилингвизм, инновационный подход, кросс-куррикулум, CLIL, предметно-языковое интегрированное обучение, билингвальное образование, образовательная технология, непрерывное образование.

G.B. Issabekova, N.T. Duisenova

Austrian experience of content and language integrated learning (CLIL)

The article reviews and analyses the Austrian practice of CLIL technology as an innovative form that meets the requirements and challenges of modern society. Based on their scientific and practical experience and exchange of experience with Austrian scientists, experts and practitioners, the authors make a historical and linguistic overview of the implementation of subject and language integrated learning in Austrian school practice, analyze the prerequisites of the CLIL in the educational system, goals and structure of the CLIL. The bilingual schools and bilingual lessons are individual and aotonomous initiative of schools schools and the main prerequisite is the subject-linguistic competence of the CLIL teachers and the availability of subject materials in a foreign language. The reasons for the diversity of the subject-linguistic combination in the school, the adaptation of the CLIL models to the school type, the subject-language curriculum, the study group and the school situation are analysed. The concept of continuous education of teachers' colleges under the CLIL programme for teachers involved in the implementation of the cross-curricular approach is presented. Ensuring language/linguistic diversification through forms of correct application of a foreign language as the object of classical language education and as a language of instruction is seen as an advantage.

Keywords: polylingualism, innovative approach, cross-curriculum, CLIL, Content and Language Integrated Learning, bilingual education, Lifelong Learning.

References

1 Coyle, D., Hood, P., & Marsh, D. *CLIL: Content and language integrated learning.* Cambridge: Cambridge University Press. 2010. [in English].

2 EURYDICE 2006: *Content and Language Integrated Learning at Schools in Europe.* Directorate-General for Education and Culture: Brüssel. [in English].

3 Marsh D., et al.,: European Framework for CLIL Teacher Education. A framework for the professional development of CLIL teachers. European Centre for Modern Languages: Graz. 2010. [in English].

4 B-VG §8, Abs. 1, BGBl. Nr. 1/1930. BGBl songy osgeris engisildi. I Nr. 81/2005. 01.09.2005 rushineendi [B-VG §8, Abs. 1, BGBl. № 1 -1930 changed by BGBl. I № 81 -2005. Entry into force on 01.09.2005] [in German].

5 Bundesgesetz über die Ordnung von Unterricht und Erziehung in den imSchulorganisationsgesetzgeregeltenSchulen (Schulunterrichtsgesetz — SchUG)StF: BGBl. Nr. 472/1986 (WV) [Federal Law on the organization of Teaching and Education in Schools regulated by the School Organization Act (School Education Act — SchUG)StF: BGBl. № 472]. (1986 (WV).*Gesetzestext* [in German].

6 Minderheitensprachen in Österreich [MinorityLanguages in Austria]. (n.d.) *wikipedia.org*. Retrieved from https://de.wikipedia.org/wiki/Minderheitensprachen_in_Österreich[in German].

7 Education Act, Federal Gazette no. 767/1996, 18.

8 Abuja G. (Eds.). *Englisch als Arbeitssprache: Modelle, Erfahrungen und Lehrerbildung*. [*Englisch as Language of Instruction: Modells, Experience and Teacher Training*]. Graz: ZSE. [berichtereihe III, 4], 1998[in German].

9 Bundesministerium für Bildung, Wissenschaft und Forschung. «Gesamte Rechtsvorschrift für Lehrpläne — allgemeinbildende höhere Schulen, Fassung vom 01.09.2018» [The Austrian Federal Ministry for Education, the Arts and Culture, and the Austrian Federal Ministry for Science and Research. «Complete legislation for curricula — higher general education schools. Version from 01.09.2018»] (2018, 01 September)Retrieved from *https://www.ris.bka.gv.at/GeltendeFassung.wxe?Abfrage=Bundesnormen&Gesetzesnummer=10008568&FassungVom=2018–09–01* [in German].

10 Mewald C. (2004). Paradise lost and found: A case study of content based foreign language education in Lower Austria.*Ph.D.Thesis.*Norwich: University of East Anglia [in English].

11 Gierlinger, E., Carré-Karlinger, C., Fuchs, E., Lechner, C. (2010) Innovative Impulse ausdemEuropäischenFremdsprachenzentrum des Europarates: Die CLIL-Matrix in der Unterrichtspraxis./ [Innovative Impulse from European Foreign Language Center of European Council: CLIL-Matrix in lessonPractice]*Praxisreihe 13.* INITIATIVE ofAustrian Federal Ministry for Education, the Arts and Culture. *AustrianCentreforLanguageCompetence*[in German].

12 ÖSZ, BMUKK, und BMWF (Eds.). (2009). *Sprach- und Sprachunterrichtspolitik in Österreich. Länderprofil. [Language Education Policy Profile: Länderbericht Österreich]*. Graz/Wien: ÖSZ [in German].

13 Professionalität im Lehrberuf — Profil (MA) [Professionalism in the teaching profession — Profile MA]. (n.d.). *aau.at.* Retrieved from:https://www.aau.at/universitaetslehrgaenge/professionalitaet-im-lehrberuf/[in German].

14 Kozhamzharova, D.P., Issabekova, G.B., Duisenova, N.T., Akhmetova, A., Eskermesova, G. (2019). The main results of research on the CLIL project in Taraz State Pedagogical University [The main results of research on the CLIL project in Taraz State Pedagogical University].*J Adv Pharm Edu Res*., *9(1), 38–43.*